



**Шахтинск қалалық мәслихатының 2020 жылғы 19 маусымдағы № 1722/39 "Тұрғын үй сертификаттарының мөлшерін және алушылар санатының тізбесін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 2022 жылғы 23 желтоқсандағы № 202/20 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 4 қаңтарда № 31538 болып тіркелді

Шахтинск қалалық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Шахтинск қалалық мәслихатының "Тұрғын үй сертификаттарының мөлшерін және алушылар санатының тізбесін бекіту туралы" 2020 жылғы 19 маусымдағы № 1722 /39 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5900 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1, 2-қосымшалары осы шешімнің 1, 2-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Шахтинск қалалық мәслихатының хатшысы*

*Ж. Мамерханова*

Шахтинск қалалық  
мәслихатының  
2022 жылғы 23 желтоқсандағы  
№ 202/20  
шешімге 1 қосымша  
Шахтинск қалалық  
мәслихатының  
2020 жылғы 19 маусымы  
№ 1722/39  
шешіміне 1 қосымша

**Тұрғын үй сертификатының мөлшері**

Қарыз сомасынан 10 %, алайда әлеуметтік көмек түрі ретінде 1500000 (бір миллион бес жүз мың) теңгеден артық емес.

Шахтинск қалалық  
мәслихатының  
2022 жылғы 23 желтоқсандағы  
№ 202/20  
шешімге 2 қосымша  
Шахтинск қалалық  
мәслихатының  
2020 жылғы 19 маусымы  
№ 1722/39  
шешіміне 2 қосымша

## Тұрғын үй сертификаттарын алушылар санатының тізбесі

№	Атауы
1	Басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері.
2	Бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар.
3	Мүгедектігі бар балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасылар.
4	Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітетін аурулар тізімінде аталған кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерімен ауыратын адамдар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 16 ақпандағы № ҚР ДСМ-14 "Кейбір созылмалы аурулардың ауыр нысандарының тізімін бекіту туралы" бұйрығы
5	Кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған жиырма тоғыз жасқа толмаған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар жатады. Мұндай адамдардың жасы әскери қызметке шақырылған кезде мерзімді әскери қызметтен өту мерзіміне ұзартылады.
6	Қандастар.
7	Толық емес отбасылар жатады.